

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік
Университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Ноғай ордасы

Орындаған:

Тобы:

Тексерген:

Жоспары:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- Ноғай ордасының құрылуы
- Үлкен ноғай ордасы
- Кіші ноғай ордасы

Қорытынды:

Қолданылған әдебиетер:

Кіріспе:

Алтын Орданың ыдырауы кезінде пайда болған мемлекеттік бірлестіктің бірі – Ноғай Ордасы. Ол ХІҮ-ХҮ ғасырларда Батыс Қазақстанның бір бөлігін алып жатты. Бұл мемлекеттің атауы Алтын Орданың беклербегі, әскерінің қолбасшысы, Жошы ханның немересі (1260-1306) Ноғай есімімен байланысты. Берке хан өлгеннен кейін Доннан Дунайға дейінгі жер Ноғайдың бақылауында болды. Оның құрамындағы рулар Каспий маңына қоныс аударып, Ноғай елі атанды.

Ноғай



Ноғай Ордасының негізін салушы - әмір Едіге (1395-1419). Ол 15 жылдай Алтын Орданы билеп (1396-1411), «ұлы әмір» атанған. Шыңғыс әулетінен хан сайлау Едігенің қолында болған. Ноғай Ордасы Алтын Ордадан Едігенің кезінде бөлектене бастады. Бұл процесс Едігенің ұлы Нұраддин (1426-1440) тұсында аяқталып, Ноғай Ордасы Алтын Ордадан ХҮ ғ. ортасында бөлініп, дербес мемлекет болды. Территориясы: Еділ-Жайық арасы. Астанасы – Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Халқы – маңғыт, қыпшақ, қоңырат, арғын, қарлұқ, алшын, тама және т.б. сияқты түрік тайпалары. Ноғай Ордасы этносаяси бірлестік ретінде пайда болды, оған енген тайпалар ХҮ ғ. аяғында қалыптасқан ноғай халқының негізін құрады.

Ноғай ордасының алып жатқан жер көлемі картадан көрінісі және Сарайшық қаласы



Ноғай Ордасының негізін салушы - әмір Едіге (1395-1419). Ол 15 жылдай Алтын Орданы билеп (1396-1411), «ұлы әмір» атанған. Шыңғыс әулетінен хан сайлау Едігенің қолында болған. Ноғай Ордасы Алтын Ордадан Едігенің кезінде бөлектене бастады. Бұл процесс Едігенің ұлы Нұраддин (1426-1440) тұсында аяқталып, Ноғай Ордасы Алтын Ордадан ХҮ ғ. ортасында бөлініп, дербес мемлекет болды. Территориясы: Еділ-Жайық арасы. Астанасы – Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Халқы – маңғыт, қыпшақ, қоңырат, арғын, қарлұқ, алшын, тама және т.б. сияқты түрік тайпалары. Ноғай Ордасы этносаяси бірлестік ретінде пайда болды, оған енген тайпалар ХҮ ғ. аяғында қалыптасқан ноғай халқының негізін құрады.

Ноғай Ордасының тарихы Еділ бойы мен Сібірдегі, Орта Азия мен Қазақстандағы көрші мемлекеттер тарихымен тығыз байланысты. Ноғайлар тарихы әсіресе көшпелі өзбектер мен қазақтар тарихына айрықша жақын. Ембі мен Сырдария арасында көшіп жүретін ноғайлар қазақтармен ұдайы араласып-құраласып байланысып жатқан. Басқа да көшпелі мемлекеттер сияқты Ноғай Ордасының шекарасы да сыртқы саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Ноғайлардың солтүстік-шығыстағы өріс-қоныстары Сібірге дейін созылып жатады, ал оңтүстік-шығыста олар кейде Сырдария бойында, Арал теңізі жағасында көшіп жүрген.

Олардың билеушілері Уақас би маңғыт, Мұса мырза, Жаңбыршы және басқалары Әбілқайырға Сырдария бойындағы қалаларды жаулап алуға жәрдемдеседі. Кейін ноғайлар қазақ хандарымен соғысса, енді бірде татуласып, одақ құрып отырған. Ш. Уәлиханов ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атаған. Ал Хақназар хан «қазақтар мен ноғайлар ханы» атанған.

ХҮІ ғасырда Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен сауда-экономикалық, саяси байланысы дамыды. ХҮІ ғ. 2-ші жартысында Ноғай Ордасы ыдырап, екіге: Үлкен Ноғайлы (Еділдің шығысы) және Кіші Ноғайлыға (Еділдің батысы) бөлінді. Осы тұста ноғайлардың көпшілігі Қазақ хандығына, соның ішінде Кіші жүз құрамына енді. Осылайша Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазақ халқының қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Үлкен Ноғай ордасы, Үлкен [ноғайлар](#) — 16 ғасырдың 2-жартысында [Ноғай Ордасының](#) ыдырауы нәтижесінде құрылған мемлекеттік құрылым. Үлкен Ноғай ордасы [Еділ](#) (Волга) өзеннің [Каспий теңізіне](#) құятын төм. ағысының сол жағалауынан [Жайық өзеніне](#) дейінгі аралықта көшіп-қонып жүрген ұлыстардан құрылған. Үлкен ноғайлардың билеушілері өздерінің Мәскеу мемлекетіне тәуелділігін бірнеше рет мойындады (1555 — 63, 1564, 1567). 1600 ж. [Борис Годунов](#) патша Үлкен ноғайлардың тәуелділігін ресми түрде бекітіп, Естерек (Иштерек) мырзаға князь атағын берді. 17 ғ-дың бас кезінде Үлкен Ноғай ордасы бір жағынан Мәскеу мемлекетінің, екінші жағынан Еділ бойына қоныстанып қалуға тырысқан қалмақ тайпаларының қысымына ұшырады.

1634 ж. қалмақтардың кезекті шабуылынан кейін Үлкен Ноғай ордасы ыдырап кетті. Үлкен ноғайлардың бір бөлігі Жайық өз-нен өтіп, қазақ, қарақалпақ халықтарына келіп қосылды, қалғандары Еділ өзенінің оң жағалауына қоныс аударып, Кіші ноғайлармен бірге көшіп-қонды.

Кіші Ноғай Ордасы, Қазы ұлысы – 16 ғ-дың 2-жартысында Ноғай Ордасынан бөлініп шыққан мемлекет. Негізін мырза Қазы (1577 ж. ө.) қалады. Ғасырдың екінші жартысында ноғай ордасынан бөлініп шыққан мемлекет. Ноғай ордасының әлсіреуі және Қазан мен Астрахан хандықтарын ресейдің басып алуы нәтижесінде ноғайлар бөлшектене бастады. Бір бөлігі ресейге қарады, Еділ-Жайық, жем өзендерінің аралығында орналасқан Ноғайлар Қазақ Ордасына қосылды, қалғандары батысқа (Қырым хандығы иелігіне) шегінді.

Еділдің оң жағасы мен азов теңізінің жағалауына келіп орналасқан Ноғай Ордасы ұлыстарынан XVI ғ. 50-жылдарының соңында құралған кіші ноғай ордасының негізін мырза қазы қалады. XVII ғ. Ортасына дейін кіші ноғай ордасы Қырым хандығы мен түркияға бағынышты болды. XVII ғ. Алғашқы жартысында ұсақ ордаларға бөлшектеніп, қара теңіздің солтүстігіндегі жазықты алып жатты. XVII ғ. Ортасынан бастап Кіші Ноғай Ордасының кейбір ұлыстары үлкен ноғай ордасымен бірге каспий даласын (еділден терек өзеніне дейін) жайлады. 1770 ж. Едиссан, Буджак ордалары ресейдің қол астына қарады. XVIII ғ. Соңы, XIX ғ. Басында ноғайлардың бірсыпырасы азов жағалауындағы ескі қонысына (доннан кубанға дейінгі) келіп орналасты. Қалған бөлігі 1812 жылғы бухарест бітім шарты бойынша түркия жеріне ауысты.

Қорытынды

Ноғай Ордасы Алтын Ордадан Едігенің кезінде бөлектене бастады. Бұл процесс Едігенің ұлы Нұраддин (1426-1440) тұсында аяқталып, Ноғай Ордасы Алтын Ордадан XV ғ. ортасында бөлініп, дербес мемлекет болды. Ноғай ордасына кірген тайпалар-маңғыт, қыпшақ, қоңырат, арғын, қарлұқ, алшын, тама және т.б. XVI ғ. 2-ші жартысында Ноғай Ордасы ыдырап, екіге: Үлкен Ноғайлы (Еділдің шығысы) және Кіші Ноғайлыға (Еділдің батысы) бөлінді. XVIII ғ. Соңы, XIX ғ. Басында ноғайлардың бірсыпырасы азов жағалауындағы ескі қонысына (доннан кубанға дейінгі) келіп орналасты. Қалған бөлігі 1812 жылғы бухарест бітім шарты бойынша түркия жеріне ауысты. XVIII ғ. Соңы, XIX ғ. Басында ноғайлардың бірсыпырасы азов жағалауындағы ескі қонысына (доннан кубанға дейінгі) келіп орналасты. Қалған бөлігі 1812 жылғы бухарест бітім шарты бойынша түркия жеріне ауысты.

Қолданылған әдебиеттер.

- 1) “Қазақстан тарихы.Көне заманнан бүгінге дейін” I,II томдары.
- 2) “Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы”
- 3) www.google.ru
- 4) www.testent.ru